

**Р.Е. Агыбетова**, PhD, профессор<sup>1</sup>

**Ж.К. Кішкенбаева\***, PhD, доцент м.а.<sup>2</sup>

**А.Г. Гиззатжанова**, магистр<sup>3</sup>

**З.А. Какенова**, PhD, доцент м.а.<sup>1</sup>

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана қ., Қазақстан<sup>1</sup>*

*Шәкәрім университеті, Семей қ., Қазақстан<sup>2</sup>*

*Esil University, Астана қ., Қазақстан<sup>3</sup>*

\*– негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)

e-mail: zhuldyzaykk@gmail.com

### «БАРЛЫҚ-АРАСАН» ШИПАЖАЙЫНДА ЕМДІК ТУРИЗМДІ ДАМУ ӨЛЕУЕТІН БАҒАЛАУ

*Табиғи емдік, рекреациялық ресурстар адам денсаулығын қорғау және қалпына келтіру үшін ежелден қолданылып келеді. Алғашқы шипажайлар XIV ғасырда минералды бұлақтардың жанында пайда болып, медициналық мекемелердің заманауи инфрақұрылымының негізін қалады. Қазақстан Республикасында медициналық мекемелер мен шипажайлардың инфрақұрылымын дамыту үшін қолайлы табиғи-климаттық және ресурстық жағдайлар бар. Алайда емдік туризм қазақстандықтар арасында және халықаралық нарықта оңша танымал емес. Оны ілгерілету және дамыту жұмыстары жүйелі түрде іске асырылып жатыр деп айтуға болмайды.*

*Ғылыми мақаланың мақсаты Алакөл көлінің маңайында қызмет көрсететін "Барлық - Арасан" шипажайының емдік-ресурстық өлеуетін бағалау. Мақалада шипажай ұсынатын қызметтердің ерекшеліктері, емдік-сауықтыру ресурстарының өлеуеті, осы аймақта туризмнің даму деңгейі қарастырылды. Мақаланы әзірлеу барысында талдау, дескриптивті әдіс, ғылыми әдебиеттерді шолу тәсілдері қолданылды. Шипажайда емдік мақсатта қолданылатын минералды судың құрамы талданды. Су көздерінің құрамы Болгария, Чехия, Италия, Ресей, Грузия және басқа елдердегі танымал шипажайлармен салыстырылады. Шипажайда қолданылатын табиғи ресурстардың орасан зор өлеуетіне қарамастан, Кеңес кезеңіндегі ескі инфрақұрылым, санитарлық жағдайдың нашарлығы, қызмет көрсету сапасының төмендігі, маусымдық шектеулер, цифрлық технологиялардың жеткіліксіздігі кедергі келтіретіндігі көрсетілді. Мемлекеттік қолдау мен инвестиция тарту шараларының шипажайдың инфрақұрылымын жаңартуға, қызмет көрсету сапасын арттыруға және цифрлық технологияларды енгізуге қолдау екендігі анықталды.*

*Зерттеу "Барлық-Арасан" шипажайының медициналық және рекреациялық қызметтер кешенін ұсынатын Қазақстандағы емдік туризмді дамытудың басым орталығы бола алатындығын, әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан маңызды нысан екенін нақтылайды. Шипажай қызметі халықтың денсаулығын жақсартуға, еңбек өнімділігін арттыруға, ішкі туризмді дамытуға ықпал етеді. Емдеу ресурстарының өлеуеті мен қызметтердің тиімділігін бағалау шипажай қызметтерін жетілдіру мен оның танымалдығын арттыру бағытында ұсыныстар беруге негіз болды.*

**Кілт сөздер:** туристік өлеует, бағалау, емдік туризм, Барлық-Арасан шипажайы, шипажай қызметтері, инфрақұрылым, минералды сулар.

**Ключевые слова:** туристский потенциал, оценка, лечебный туризм, санаторий «Барлык-Арасан», санаторные услуги, инфраструктура, минеральные воды.

**Keywords:** tourism potential, assessment, medical tourism, sanatorium "Barlyk-Arasan", sanatorium services, infrastructure, mineral waters.

**Кіріспе.** Оңалту және аурудың алдын алу шаралары адамның денсаулығын 1,5 есе жақсартуға қабілетті, ал заманауи медициналық тәсілдерді, емдік ресурстарды және қолжетімді жана технологияларды пайдалану денсаулық деңгейін 25–30% арттырады, осыған байланысты шипажайлар мен курорттық аймақтарды дамыту өзекті процесс болып отыр. Шипажай-курорттық индустрияда маркетингтік, экскурсиялық қызметтер, спорттық іс-шаралар, атпен серуендеу, анимациялық бағдарламалар және конгрестік туризм ретіндегі әртүрлі туристік қызметтерді енгізу тиімді [1].

Дәстүрлі шипажайлар көпфункционалы сауықтыру орталықтарына айналып, кең тұтынушылар аудиториясына бағытталуда. Әлемде күйзеліске қарсы қалпына келтіру бағдарламаларын қажет ететін адамдар саны артуда. Global Wellness Institute соңғы мәліметтері бойынша минералды бұлақтар секторы қарқынды даму процесінде. 2022 жылы 130 мемлекет көлемінде 31290 термалды және минералды бұлақтары бар нысандар тіркелді. Бұл сектордың жылдық өсу қарқыны 14,3% құрайды, ал 2027 жылға қарай нарық көлемі 1,4 триллион АҚШ долларына жетеді деп болжануда [2].

Қазақстанда минералды сулар мен емдік балшықтарды пайдалану көне дәуірлерден бастау алды, алайда бальнеологияның жүйелі дамуы ХІХ ғасырдан бастап қарқын алды. Кеңес дәуірінде шипажай-курорт саласының тұрақты қызмет атқаруын реттейтін орталықтан басқарылатын жүйе болды. Бүгінде шипажай-курорттық қызметтер негізгі әлеуметтік-экономикалық ресурс ретінде өңірлердің тұрақты дамуына айтарлықтай әсер етіп отыр. Елімізде «Қазақстан-2030» стратегиясының негізінде жүзеге асырылған «Халық денсаулығы» мемлекеттік бағдарламасы саланың дамуына септігін тигізді [3].

Шипажай қызметін зерттеудің теориялық негіздерін жүйелеу, қазіргі жағдайы мен ресурстарын бағалау, оны дамытудың перспективалық бағыттарын анықтау мақаланың міндеттері ретінде қарастырылды. Жалпы, географиялық орналасуы Арасан өзенінің жоғары ағысынан басталып, Қабанбай ауылынан 17,8 км аралықта орналасқан нысан, емдік туризмді дамытуға өте перспективті жоба. Себебі, шипажай Алакөл көлінің аумағына жақын орналасқан. Нысанның танымалдылығын арттыру үшін медициналық, рекреациялық, инновациялық технологияларды біріктіре отырып, қызмет көрсету сапасын арттыру мен оны нарықта жылжыту, басқарудың дұрыс тетіктерін қолдану қажеттілігі туындап отыр. Сонымен қатар, мемлекеттік немесе жеке инвестициялық қолдау арқылы шипажайды Абай облысындағы рекреациялық негізгі орынға айналдыруға болады.

Талдау әдісі негізінде 2022-2025 жылдардағы Қазақстан Республикасы мен Абай облысы аумағындағы шипажай-курорт мекемелерінің, Алакөл көлі жағалауындағы орналастыру орындарының санына, орналастыру орындарының келушілерге көрсеткен қызмет көлеміне талдау жасалынды. Дескриптивті әдіс табиғи-ресурстық базаның және инфрақұрылымның жағдайын, судың құрамын анықтау кезінде қолданылды. Ғылыми әдебиеттерге шолу емдік туризмнің әлеуетін бағалаудың теориялық әдістерін жүйелеуде қолданылды.

Ақпараттық база ретінде рейтингтік журналдардағы жарияланымдар, ресми статистикалық мәліметтер, шетелдік және отандық авторлардың ғылыми еңбектері қолданылды.

**Әдебиеттік шолу.** Барлық-Арасан шипажайы аумағындағы бұлақ көздерінің емдік қасиетін моңғол әскерлерінің де пайдаланғандықтары туралы 1811 жылы ғалым Г.Путемцев және 1886 жылы зерттеуші В.С. Дьяконов зерттеу еңбектерінде жазған. Дегенмен, осы емдік көздердің басында салынған құрылыстар ХІХ ғасырдың алғашқы жартысында қирауға ұшырап, шипажай аумағының бастапқы инфрақұрылымының нұсқасы жойылып кеткен. Бұл емдік бұлақтар 1886 жылы Жетісу бөліміне қарасты Қызыл Ай қоғамының құрамына беріліп, сол аумаққа қайтадан ванналардың жаңа түрлері қойылып, тұрғын үйлер салынып, қолданысқа берілген. ХХ ғасыр басының алғашқы кезеңінде Барлық-Арасан бұлақтарына көрші аймақтардан да шипа іздеген науқас жандар келе бастайды, осы аралықта шипажай бойынша барлығы алты ванна келушілерге қызмет көрсетіп, таныла бастаған. Барлық-Арасан көздерінің емдік химиялық құрамына 1901 жылы Омбының медицина қоғамдастығы мен Санкт-Петербургтің химия саласындағы лабораторияларында зерттеу жасалынып, қажеттілігі дәлелденіп негізделген. Осы зерттеуге поляк ғалымы А. Пшегодскийдің үлкен зерттеушілік қосқан үлесі бар. Зерттеуші – практик ғалым Б. Герасимов 1903 жылы бұлақ суының күшті терапия қасиетінің бар екенін айтып, оның ванналарын пайдалану арқылы көп науқас жандардың денсаулықтарын қалыпқа келтіріп емдегенін де жазған.

Шипажайдың шалғайда орналасуы көпшілікке қолжетімділікпен ыңғайлы болмады, оның дәлелі, 1907 жылда келушілер саны 254 адамды құраса, ал 1906 жылда бұл көрсеткіш екі еседей төмен көрсеткішті көрсетті. Салыстырмалы қарастырсақ осы уақытта Қырғыз еліндегі атақты минералды сумен емдеу мекемесі Ыстық ата шипажайында 9000 ға жуық адам емделген. Ғалым Б.Герасимов өзінің зерттеу жұмысында Барлық-Арасан мен Ракман көздері туралы, сол жерде орналасқан халықтың фольклоры, аңыздары мен ертегілері, мақал-мәтелдері бойынша мәліметтер берген.1947 жылы ғалым Е.В. Посохов бұлақтың маңайында гидрогеологиялық зерттеу

жұмыстарын ұйымдастырып, минералды судың қоры бойынша есептеулер жасады. 1955-1965 жылдар аралығында зерттеу жұмыстарын жалғастырды [4].

Барлық-Арасан шипажайының минералдық суларын зерттеу ХХ ғасыр басында басталып, жалғасын тауып келе жатыр. Ғалымдар Б.Д. Шлегель, К.И. Аргентов 1927 жылы ғылыми зерттеулерінің нәтижесін жариялап, Барлық-Арасан термалдық бұлақтарының температурасының дебитін, химиялық элементтерінің құрамын және геологиялық ерекшеліктерін нақты сипаттайды. Бұлақ көздерінің температурасы  $20^0$  С дан  $42^0$  С аралығында, минералдылығы 1,4 пен 1,8 г/л аралықта өзгеріп отырады. Судың құрамында кремний қышқылының (12-44 мг/л), бор қышқылының (1,8 мг/г), бромның (0,5 мг/л), радонның (0,6 – 2,5 нКи/л) мөлшері бар екені анықталды [5]. ХІХ ғ. – ХХ ғасырдың бірінші жартысында Алакөл көлінің емдік қасиеті географ, геолог, ботаник, гидробиолог саласы ғалымдарының назарын аударды. Ол ғалымдардың қатарында А. Голубев, В. Сапожников, В. Обручев, А. Шренк және т.б. зерттеушілер болды. 1968 жылы Алакөлге экспедиция ұйымдастырылды, соның нәтижесінде көлде Реликт шағаласының мекен ететіндігі анықталған. Бұл жаңа ашу осы аумақта қорықтың қалыптасуына себеп болды. Қазір қорық құрамында үш жүз отыздан (330) асатын құстардың түрлері тіркелген, ол құстардың жүз отыз үші (133) ұя салатындар тұқымынан. Қорықтың құрамынан Қызыл кітап қорына 16 сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар құстардың түрлері енгізілген. Алакөл-Сасықкөл көлдерінің жүйесі аумағында балықтың 22 түрі бар, олардың 18 түрі қорық су айдынында тіркелсе, ал 9 түрі сол жергілікті ихтиофауналық өкілдер ретінде тіркелген. Қорықтың флорасының құрамы 286 жоғарғы сатылы өсімдіктер түрлерінен тұрады [6]. Жалпы алғанда, Барлық-Арасан шипажайы емдік туризм орталығы ретінде ғана емес, айрықша табиғи, тарихи, мәдени ескерткіштерге өте бай аумақта орналасқандықтан емделуге келушілер үшін тартымдылығы жоғары.

Шипажай құрылысы 1960 жылы «Барлық-Арасан» термалды сулар аумағында салына бастады. Тарихтағы жазылған деректерге сүйенсек, осы аймақта емдік бұлақ көздері ХVІІІ ғасырдан бастап қолданыла бастаған екен. Қазақ-жоңғар соғысының барысында қазақ жауынгерлерінің жарақатын осындағы емдік бұлақтардың суымен емдеген. Өлкетану ғалымы В. Кишляқтың мұрағаттық зерттеулеріне сәйкес, жоңғар қоңтайшысы Қалдан Барлық-Арасан ыстық бұлақтарының жанынан саны 17 пұт бейнесімен ғибадатхана үйі мен дін қызметкерлері тұратын үйлерді салғызып, инфрақұрылымға үлкен мән берген. Емдік көздердің маңайындағы екі төбе етегіне бірнеше аурулардың түрін емдейтін ванналардың бірнешеуін орнатқан [4]. Өкініштісі, кейінгі уақытта әртүрлі құрылыс жұмыстарының жүргізілуіне байланысты көптеген бұлақ көздері жабылып қалған, бұл аймақтың табиғатына да кері әсерін тигізді.

Әдебиеттерді талдау көрсеткендей, шипажай суларының емдік қасиеттерін зерттеуге арналған ғылыми еңбектер бар, дегенмен, шипажайда емдік туризмді дамыту мүмкіндіктері қарастырылмаған, жалпы шипажайдың географиялық орналасуы ыңғайлы, мекеменің Алакөл көлінің маңайында орналасуы емдік туризмді дамыту мүмкіндігін арттыруға, ішкі және халықаралық туристік нарықта танылуына әсер етеді. Сондықтан, «Барлық-Арасан» шипажайының туристік әлеуетін қарастырып, оның тиімді дамуын тежейтін факторларды анықтай отырып, нақты ұсыныстар беру қажеттілігі туындайды.

**Негізгі бөлім.** Қазақстан Республикасы, Денсаулық сақтау министрлігі ұсынатын оңалту шаралары белгіленген қағидаттар негізінде шипажай-курорттық мекемелер адамдардың дендерін табиғи емдеу әдістерімен, медициналық әдістермен емдейтін және басқа сауықтыру қызмет түрлерін ұсынатын мемлекеттік және жеке кәсіпорындар. Мұндай кәсіпорындар рекреациялық аумақтарда ашылып, ересек адамдарды, балаларды емдеуге, сауықтыруға бағытталған шипажай орындары ретінде, сонымен қатар, балалар мен жасөспірімдерді оңалту, қалпына келтіру ретіндегі мекеме құқығында қызмет көрсетеді [7].

Қазіргі уақытта республикамызда шипажайлар мен курорттар қызметін жетілдіру бағытында мемлекет тарапынан қолдау шаралары мен қажетті ресурстар баршылық. Кеңес одағы кезеңінде табиғат ресурстары мен шипажай-курорт орталықтарының қызметін пайдалану үлкен қарқынмен дамытылды. Республика деңгейінде табиғат ресурстарымен емдеу, оңалту, профилактика шарасын қоса алғанда қолдануға болатын кешендік бағдарламалар іс жүзінде орындалып, шипажай-курорттық мекемелер негізгі қызмет көрсету орындары ретінде өз қызметтерін жүзеге асырып жатыр [5]. Мұндай емдеу орталықтары сол аумақтың халқы үшін маңызды әлеуетке ие. Емделушілерге оталардан, жарақаттардан кейін оңалту процедураларынан өту өте маңызды, оның уақыт мерзімі адамның дертінің сипаттамасына, күрделілік деңгейіне

байланысты, өйткені дертке ұшыраған адамның ағзасы дені сау адамның физикалық жүктемесін еңсере алмауы өте ықтимал. 2022-2025 жылдардағы Қазақстан Республикасы мен Абай облысы аумағындағы шипажай-курорт мекемелерінің көлемі (кесте 1) көрсетілген.

Кесте – 1

Атауы/жылы	Мекемелер саны	Оның ішінде				
		Шипажайлар	Мамандандыр - ылған шипажайлар	Профилакторийлар	Оңалту орталықтары	Басқа да мекемелер
<i>2022 жыл</i>						
Қазақстан Республикасы	172	109	7	9	27	20
Абай облысы	2	2	-	-	-	-
<i>2023 жыл</i>						
Қазақстан Республикасы	175	115	9	9	26	16
Абай облысы	3	3	3	-	-	-
<i>2024 жыл</i>						
Қазақстан Республикасы	333	224	25	18	43	23
Абай облысы	7	7	3	2	2	-
<i>2025 жыл</i>						
Қазақстан Республикасы	337	227	25	18	43	23
Абай облысы	7	3	3	2	2	-

\* [8] әдебиет негізінде құрастырылған

Республика аумағында 2022 жылы барлығы 172 әртүрлі санаттағы емдеу мекемелері қызмет көрсетсе, Абай облысы аумағында небәрі 2 ғана шипажай жұмыс жасаған. 2023 жылы 2022 жылмен салыстырғанда мекемелер саны аз мөлшерде небәрі 3 бірлікке артса, керісінше 2024 жылы едәуір көлемге артып, емдік-сауықтыру саласында емдеу орталықтарының артқаны байқалса, 2025 жылы қайта төмендегенін кестедегі мәліметтен көре аламыз [8].

«Барлық-Арасан» шипажайының минералды бұлақ көздері облыстың оңтүстігінде орналасқан Арасантау бөктерінің Барлық алқабында теңіз деңгейінен 579 метр биіктікте, Алакөл көлінің ащы, тұздылығы жоғары көлінен 24 км қашықтықта орналасқан.

Шипажайдағы минералды су көздері Арасан өзенінің оң жағалауында тектоникалық жарылыстардың салдарынан пайда болып, балық аулауға болатын орындарға жақындау орналастырылған. Аймақ су көздері теңіз деңгейінен 5 м. биіктік деңгейде орналасқан, орманы сирек, таулы, халық саны аз мекен ретінде белгілі. Қатал климат, ауасы құрғақ, жазда аптап ыстық, қарашадан наурыз айына дейін қар болады. Он үш (13) жылы бұлақ көздері 1,5 шақырымға созылып жатқан шатқалда шоғырланғандықтан, осы аймақ жоғары емдік сипатқа ие табиғат кешені ретінде белгілі.

Алакөл маңайын бірнеше зерттеуші ғалымдар зерттеп, рекреациялық, туристік әлеуетін, емдеуге қажетті құрамын қарастырып, зерттеу қорытындыларын берді. Шипажай тұрғысынан «Барлық-Арасан» көздерінің және басқа да шипажай мекемелерінің емдік ресурстарын еліміздің, шетелдің зерттеуші ғалымдарының еңбектерін жүйелеп қарастырып, емделушілер, келушілер үшін қажеттілігін салыстырмалы зерттеулер нәтижесінде негіздеген қазақстандық ғалым Е.Ш. Жексембаев. Төмендегі кестеде еліміздің және шетелдік шипажай мекемелерінің бұлақ су көздерінің химиялық құрамы салыстырмалы деңгейде көрсетілген (кесте 2).

**Бұлақ су көздерінің құрамдық негіздері, мг/дм<sup>3</sup>**

Химиялық құрамы	Жылдар				
	1895	1953	2015		
HCO <sub>3</sub>		0,2	-	-	-
Cl	389	328	319,1	287,2	304,9
SO <sub>4</sub>	597	794,8	759	748,3	742,5
SiO <sub>2</sub>	114	44	37,6	37,6	36,4
Sr	-	-	3,45	-	3,28
Mo			0,07		0,04
Ca	35				
Mg	-	-	1,2	3,6	1,21
K	37	-	7,9	7,0	7,7
Na	514	401,6	420,0	400	420,0
Li		0,3			
F		5,5	5,53	5,08	5,31
Br		2,5	0,32		0,33
B			0,83		0,86
Құрғақ қалдықтары	1875	1683	1695	1661	1662
Температурасы	19,60 С				
Зерттеуші - сарапшылар					
	Соломин В.	Алекин О.С.	Жексембаев Е.Ш.		

*\*[9] әдебиет негізінде авторлармен құрастырған*

Ғалым Е.Ш. Жексембаев өзінің зерттеуінде Барлық-Арасан бұлақтарының термалды минералды қасиеттерін еліміздегі және шетелдегі көздермен салыстыра отырып, олардың жоғары медициналық және туристік әлеуетке ие екенін анықтаған (кесте 3).

**Барлық-Арасан бұлақтарының, термалды минералды суларының химиялық құрамы, мг/дм<sup>3</sup>**

Химиялық элементтер	Барлық-Арасан көздері	Айнабұлақ (Қазақстан, Алакөл ойпаты)	Кульдур (Буренско-Охот)	Анне көздері (Қыр Шығыс)	Тырма (Моңғол-Охот)	Белокуриха (Таулы Алтай)	Байкал рифті	Рахман бұлақтары (Таулы Алтай)	Абакан (Хакасия)
<b>Аниондар</b>									
HCO <sub>3</sub> <sup>-</sup>	-	6,1	160	112,8	103	81	270	1,6	214
SO <sub>4</sub> <sup>2-</sup>	759	1009,2	11	25,4	9,9	71	55,6	26	21
Cl	319,1	304,9	23	4	9,6	17	18,6	4	21
F	5,52	5,3	16,2	2,7	9,5	8	24,7	3	
<b>Катиондар</b>									
Na <sup>+</sup>	420	750	88	61	60,1	80	113	50	30
K <sup>+</sup>	7,9	19,2	2,8	1,17	0,5	1	4,4	1	2
Ca <sup>2+</sup>	133,1	170,2	0,6	2	2,2	3	0,8-18	3	43
Mg <sup>2+</sup>	1,2	1,2	0,01	0,01	0,21	1	<0,01	1	12
Минералдану, г/дм <sup>3</sup>	1700	2700	400	235	189	304	300	192	422
T, °C	44	23	72	50,1	36	39	52	42	37
pH	7,6	7,3	9,2	9,2	9,0	9,2	9,6	8,9	7,2

*\*[9] әдебиет негізінде авторлармен құрастырған*

Барлық-Арасан көздерінің сулары минералдануы төмен және әлсіз сілтілік реакцияға ие (рН 8-ден кем). Негізгі иондар арасында натрий ( $\text{Na}^+$ ) мен сульфаттар ( $\text{SO}_4^{2-}$ ) басым, бұл суларды азотты, сульфатты-натрийлі құрамдағы су ретінде сипаттауға мүмкіндік береді. Олардың құрамында 80-нен астам химиялық элементтер, биологиялық белсенді микроэлементтер анықталған. Барлық - Арасан сулары химиялық құрамы жағынан Болгария, Чехия, Югославия, Италия, Ресей, Грузия және басқа да елдердің курорттарында қолданылатын хлоридті-сульфатты, кальций-натрийлі минералды суларға ұқсас. Су құрамының сапасы мен емдік қасиеті Цхалтубо атақты шипажайымен, сонымен қатар еліміздегі Алма-Арасан, Қапал-Арасан Сарыағаш шипажайларымен пара-пар. Бұлақ көздерінің артықшылығы – азот газының бөлінуімен ерекшеленеді, бұл оның бай химиялық құрамын және бальнеологиялық маңызының артықшылығын көрсетеді. Құрамы азоттан тұратын газды шығарады, бұлақ көздерінің бальнеологиялық маңызды химиялық құрамының негізі төмендегі формулада көрсетілді:

$$M1,7 \frac{S_{0_4}462C137}{(Na+K)73Ca27}; t - 42 - 43^0; pH - 6,6.$$

Су құрамының ерекшелігі емдеудің тиімділігін көрсетеді [9].

«Барлық-Арасан» шипажайы тірек-қимыл аппаратының ауруларын емдеуге мамандандырылған, олар, созылмалы полиартрит, жарақаттан кейінгі артрит, омыртқа остеохондрозы, ішкі ағзаларға зақым келтірмейтін ревматоидты артрит және деформацияланатын остеоартрит, перифериялық жүйке жүйесінің аурулары мен тері ауруларын (экзема, псориаз, нейродермит, ихтиоз, кератодермия, склеродермия) және де гинекологиялық ауруларды емдейді. Шипажай аумағында «Көз тамшылары» деп аталатын емдік бұлақтар орналасқан, олардың сулары күміспен байытылған және сутегі, сульфатты-хлоридті, натрий, кальций қосылыстарына, кремнийге бай. Бұлақтардың су температурасы 20 - 42 °С аралығында, ыстық ванналар тері мен ревматологиялық ауруларды, буын ауруларын емдеуге тиімді.

"Kazakh Tourism" ҰК АҚ мен "Атамекен" ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы арасында қол қойылған туристік өнімдерді әзірлеу жөніндегі жол картасы шеңберінде шипажай-курорттық объектілерді және олардың материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін тізімдеу үшін республика бойынша шипажай-курорттық мекемелердің қызметі мен инфрақұрылымына белгіленген индикаторлық көрсеткіштермен бағалау арқылы есептік түгендеу жұмыстары жүргізілген. Осы реестр тізіміне «Барлық-Арасан» шипажайы енгізілмегендіктен, шипажайдың емдік, инфрақұрылымдық, қызмет көрсету және т.б. индикаторлық көрсеткіштері бойынша қызметі бағаланды (кесте 4),

Кесте – 4

Индикаторлық көрсеткіштер	Шипажай көрсеткіштері
Емдік кен орнының атауы	жоқ
Табиғи минералды суларды (емдік балшықты) пайдалануға бальнеологиялық шипажайлардың қорытындының болуы	минералды суды қолданылады
Салалық қауымдастықтар мен одақтарға қатысуы	жоқ
Қызмет түрі	шипажай – курорттық қызмет
Туроператорлармен жасалған агенттік және өзге де шарттардың болуы	жоқ, тек туристік фирмалар өздері жарнамалайды
30 км радиуста жақын маңда өз шипажайлардың болуы	жоқ
30 км радиуста жақын маңда өзге де денсаулық сақтау ұйымдарының болуы	Қабанбай ауылында бар
30 км радиуста теміржол вокзалдарының автостанциялардың, әуежайдың болуы ұйымдарының болуы	бекет, әуежай жоқ, автобекет – Алакөл көлінің жағалауында бар
Ұйымның құрылған жылы	шамамен 1963 жыл, бірақ бұлақ көздерін адамдар өте ертеден пайдаланған
Соңғы қайта жөндеу (күрделі, ағымдағы)	ағымдағы жөндеу жүргізіледі
Саябақтың болуы (жасыл желектер, ағаштар, гүлзарлар, шағын сәулет нысандары)	шипажайдың маңайында ғана ағаштар отырғызылған

Полиция тірек пунктiнiң болуы	жоқ
Ұйымның негiзгi медициналық профилi	тiрек - қимыл аппаратының аурулары, жүйке жүйесi, терi аурулары,
Су қоймасының болуы	Алакөл көлi
Су типi	термалды (хлоридтi-сульфатты кальций-натрий сулары
Сервис	кафе, видеозал, мәжiлiс залы, автотұрақ, трансфер


*\*[10] әдебиет негiзiнде авторлармен құрастырған*

Шипажай Алакөл көлi жүйесiнiң маңайында және Барлық, Тарбағатай тауларының, сонымен қатар «Алакөл» мемлекеттiк табиғи қорығының жанында орналасқан. ЮНЕСКО-ның биосфералық резерваттары желiсiне кiрген. Алакөл, Жалаңашкөл, Сасықкөл және Қошқаркөл көлдерi ерекше экожүйенi құрайды. Қорықтың аумағы 65 мың гектардан асады және Жетiсу, Абай облыстарының аумағында орналасқан. Бұрын өңiр Ұлы Жібек жолының бiр тармағы болып, қытайдың, арабтың, еуропаның саудагерлерi мен саяхатшыларына белгiлi болған.

Алакөл көлдерiнiң алғашқы сипаттамасы мен картасын 1722 жылы орыс офицерi Н.Унковский ұсынған. «Барлық-Арасан» шипажайының Алакөл көлдерi жүйесiнiң маңында орналасуы, оның туристер арасында танымал орынға айналу мүмкiндiгiн арттырады. Шипажай маңында Барлық және Тарбағатай таулары, сондай-ақ, «Алакөл мемлекеттiк табиғи қорығы» ретiндегi табиғи көрiктi орындар бар, бұл аумақтың туристiк әлеуетiн арттырып отыр [17]. Алакөл көл жүйесiне Жалаңашкөл, Сасықкөл және Қошқаркөл көлдерi кiредi. Алакөл қорығындағы көлдер кiшiрек, таяз көлдер болып саналады. Көлдердiң тереңдiгi 3 метр. 1998 жылы негiзiн қалаған Алакөл қорығы ЮНЕСКО-ның Дүниежүзiлiк биосфералық резерваттар желiсiне кiрдi. Оның құрамында түрлi ауруларды емдейтiн (сүйек, буын ауруларына ем болатын – қара балшық және косметология, терi ауруларына керектi – ақ балшық) құрамында күкiртсутектi Жалаңаш көлi бар. Көлде калий, кальций, магний сияқты 13 химиялық элементтер бар. Зерттеушi ғалым Е.Тоқпановтың ғылыми еңбектерiнде Жалаңаш көлiнiң минералдарға бай көл екендiгi, оның құрамында Алакөлге қарағанда күкiртсутегi концентрациясы басым бишофит минералының бар екенi жазылған. Бишофит дерматология, жүрек-қан тамыр жүйесi, тiрек-қимыл аппараты ауруларын емдеген кезде қолданылады [11].

Осы аймақта ерекше қорғалатын «Тарбағатай» мемлекеттiк ұлттық паркi бар. Қазiр паркте бiрнеше экотуристiк маршруттар жүргiзiледi, туристiк маусымда оған барушылардың саны мөлшермен 200 аса адамды құрайды. Жалпы аймақ географиялық орналасуы бойынша Қытай мемлекетiмен iргелес, ол елiмiзде халықаралық туризмдi дамытуға мүмкiндiк бередi [12]. Паркке келушiлердiң саны 2021 жылы 186 адамнан 2025 жылы 800 аса адамға дейiн артқан, ол келушiлердiң экологиялық туризм объектiсi ретiнде қызығушылығын арттырғанын көрсетедi [13]. Тарихи оқиғалардың куәсi, Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан аймақ ХIИ ғасырда Орта Азияны жаулау мақсатындағы Шыңғыс хан әскерлерiнiң демалып, емделетiн орны болды. Өзiнiң күштi желiмен танымал, мөлшерi 50 км ұзындықты алып жатқан Жоңғар қақпасы (Алакөл шетiнен Қытайдың Ебiнұр көлiне дейiн), 300-400 метр болатын терең ойпаттар, аймақты ерекше көрiктi орынға айналдырды.

Шипажайдың дамуына үлкен мүмкiндiк бар, себебi Алакөл аймағы туристiк демалыс айлағы ретiнде даму бағытында, 2026 жылы осы аймақта 62 жоба жүзеге асады деп күтiлуде. Оның iшiнде, көлiк, мәдениет, денсаулық сақтау, бiлiм беру, спорт инфрақұрылымдарын жақсартумен бiрге, тұрғын үйлер салу, кәсiпкерлiктi дамыту, жаңа жұмыс орындарын ашу ретiндегi әлеуметтiк-экономикалық бастамалар да бар. Жергiлiктi халық пен туристер үшiн маңызды болып табылатын Үржар ауылын дамыту мемлекет тарапынан қолға алынды. Қазiр ауылда кiшi қонақ үйлер (Ермад, Аяла, Үржар, т.б.), мейрамханалар (Ханшайым, Атамекен, Ай-тим, т.б.), кафелер (Ислам, Матта Мiа, Ай-Бике, Асыл дәм, т.б.) қызмет көрсетедi. Абай және Жетiсу облыстарындағы орналастыру орындарының көлемiнiң артуына Алакөл көлiнiң орналастыру орындарының санының артуы әсер етедi, ол көлдiң емдiк сулары мен балшықтарын қолданатындардың санының артуымен сипатталады (сурет 1).




Сурет – 1. Орналастыру орындарының саны (2020-2024 жылдар)

*\*[10] әдебиет негізінде авторлармен құрастырған*

Сурет 1-де Алакөл көлінің жағалауындағы Абай және Жетісу облыстары аумағындағы орналастыру орындарының саны келтірілген. Абай облысы бойынша орналастыру орындарының саны 2021 жылы 192 бірлікті көрсетсе, 2023 жылы 216 дейін артқан, 2025 жылы сәл төмендеп 205 бірлікті көрсетті. Ал Жетісу облысы бойынша 2021 жылы 201 бірлік болды, 2022 жылы 214 бірлікке дейін тұрақты өскен, 2023 жылы 190 бірлікке дейін төмендеп, 2024 жылы қайта өсім байқалып 262 бірлікке жеткен, 2025 жылы 256 болып төмендеген деңгейі көрсетті. Салыстырмалы түрде Жетісу облысының көрсеткіштері тұрақты деуге болады.

Зерттеп отырған Абай облысының географиялық орналасуы Алакөл көлін жан-жақты дамытуға мүмкіндік береді, онда ұлттық, халықаралық жобаларды іске асыруға болады. 2027 жылға дейін өңірді дамытудың инвестициялық жобалары жобаланған, оның ішінде 2023 жылы 12 жоба жүзеге асты (767 млн.тг). Алакөл көлі жағалауындағы орналастыру орындарының қызмет көрсеткен келушілерінің саны 2 суретте ұсынылған.



Сурет – 2. 2020-2024 жылдар аралығында Алакөл көлі жағалауындағы орналастыру орындарының қызмет көрсеткен келушілерінің саны

*\*[10] әдебиет негізінде авторлармен құрастырған*

Суретте Абай және Жетісу облыстарындағы Алакөл курорттық аймағының объектілеріне қызмет көрсетілген келушілер саны 2021 жылдан 2025 жылға дейін талданды. 2021 жылғы деңгей бастапқы (Шығыс Қазақстан, Алматы облыстары) ретінде қарастырылды. Абай облысына келушілер саны жоғары өсу қарқынына қарамастан 2021 жылы 97472-ден 2022 жылы 163756-ға дейін өсті, бұл көрсеткіш 2024 жылы 125621-ге дейін және 2025 жылы 100926-ға дейін төмендеген. Жетісу өңірінде 2021 жылы 226311 мөлшерді көрсетсе, 2022 жылы бұл көрсеткіш 180041-ге дейін

төмендеген, 2023 жылы да төмендеу динамикасы болған, 2024 жылы 30 пайызға артқан, 2025 жылы - 149180 адамға жетіп, арту деңгейін көрсеткен

Алакөл жағалауы отандық және шетелдік туристер арасында танымал. Мемлекет өңірді дамытуға белсенді түрде инвестиция салуда, «Алакөл көлінің жағалауы» курорттық кешеніне шамамен 600 млн АҚШ доллары бөлініп, кешен 2030 жылға қарай жыл сайын 600 мыңға дейін келушіні қабылдайды деген болжам бар. Жоба аясында Қабанбай ауылы мен «Барлық-Арасан» шипажайында жағажай демалысын дамыту қарастырылған.

Алакөлдегі тұру бағасы адам басына тәулігіне 14000 - нан 50000 теңге аралығында ауытқиды, бұл жайлылық деңгейі мен ұсынылатын қызметтер көлеміне байланысты. Арзандау ұсынылған нұсқалар негізгі ыңғайлылықты қамтамасыз етеді, ал қымбат нұсқаларға тамақтану, жағажайға шығу және экскурсиялар кіреді. Көптеген орналастыру орындарында күніне үш рет тамақтану қарастырылған, бұл демалушылардың ыңғайлы әрі үнемді демалуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, кафе, бар және мейрамханалардың көптігі бос уақытты жоспарлауға жағдай жасайды. Алакөлдің географиялық орналасуы Алматы, Семей, Талдықорған қалалары мен Қытайға жақын орналасқандықтан, туризмді дамытуға қолайлы жағдай туғызады.

Келушілер санының артуына байланысты көлік инфрақұрылымы да дамып келеді. 2023 жылы Үржар ауылының әуежайы 4,7 млрд теңгеге күрделі жөндеуден өтті. Астана, Алматы, Семей қалаларынан аптасына 6 рейс ұшып, билеттер мемлекет тарапынан субсидияланады және бағасы шамамен 16000 теңгені құрайды. 14 жасқа дейінгі балаларға 50% жеңілдік беріледі. Қабанбай ауылына әуежайдан автобуспен немесе таксимен 1,5 сағатта жетуге болады. 11 теміржол және автобус бағыттары жұмыс істейді, алайда инфрақұрылым әлі де жетілдіруді қажет етеді [14].

«Барлық-Арасан» шипажайының мақсатты аудиториясы – 40-70 жас аралығындағы келушілер. Шипажай 65 жастан жоғары азаматтарға мамандануды жоспарлағанымен, көп жағдайда ваучерді 30-50 жас аралығындағы азаматтар сатып алады. Бұл аудитория интернетті белсенді пайдаланатындар, ақпаратты жылдам алады және сапарларын өздері ұйымдастырады. Халықаралық стандарт бойынша қызмет көрсетудің сапасы медициналық сауықтыру қызметтерін дұрыс деңгейде ұсынуға байланысты. Мекемелердің инфрақұрылымын жоспарлаған кезде халықтың түрлі санаттарын ескеру керек, денсаулық жағдайы, ерекше қажеттілігі бар азаматтардың қажеттіліктері үнемі назарда болуы керек [15].

Шипажайлар ұсынатын емдеу шаралары ғылыми негізде зерттелген, олар адамдардың денсаулығын жақсартуға оң әсер береді. Десек те осы кәсіпорындардың өз қызметтерін ұсынуда көптеген мәселелер бар, мысалы, білікті мамандардың аздығы, инфрақұрылымның ескіргендігі, табиғи ресурстардың дұрыс қолданылмауы және т.б.. Дегенмен, мемлекет тарапынан шипажай қызметтерінің сапасын арттыру жұмыстары үнемі қарастырылып жатыр.

**Қорытынды.** «Барлық-Арасан» шипажайының емдік туризмді дамыту үшін ресурстық әлеуеті талданып, бағаланды. Шипажай емдік туризм нарығында сұранысқа ие, өйткені оның Алакөл көлі маңында орналасуы әлеуетті тұтынушыларды тартуға мүмкіншілік жасайды. Шипажай суының химиялық құрамы әлемдік танымал шипажайлардағы сулардың құрамына теңдес екендігін ерекше айтуға болады. Судың емдік құрамы буын ауруларын, жүйке жүйесі, ас қорыту ауруларын емдеуге қолданылады. Шипажайдың облыстағы емдік туризмді дамыту бойынша алатын орны ерекше. Алайда мекемедегі инфрақұрылымның нашарлығы, цифрлық технологиялардың жеткіліксіз қолданылуы, ақпараттың таратылу көлемінің аздығы, қызмет сапасының төмендігі негізгі мәселелер болып отыр. Кадрлар мәселесі де бар, цифрландыру мен маркетингтік стратегияларды белсенді пайдалану деңгейі төмен.

Мемлекет тарапынан Алакөл көлі маңайын дамыту жоспарының нәтижесінде шипажай қызметін дамыту да қолға алынды. Тұтынушылар көлемін 2030 жылға қарай 600 мыңға дейін арттыру жоспарланып отыр. Зерттеу нәтижесінде шипажайдың минералды – емдік әлеуеті судың химиялық құрамын талдау арқылы бағаланды, негізгі емдік элементтік құраушылары (күкірт, радон, натрий сульфаты және т.б.) анықталды, олардың сүйек-буын, жүйке және ас қорыту жүйелеріне әсері ғылыми деректерге сәйкес негізделді. Инфрақұрылым және кадрлық қамтамасыз ету мәселелері шипажай қызметін талдау кезінде анықталған жабдықтардың техникалық жағдайы мен білікті мамандар туралы деректер нәтижесінде көрсетілді. Цифрландыру мен маркетингті жетілдіру қажеттілігі мақсатты аудиторияның жеткіліксіздігімен дәлелденді. Мемлекеттік жоба аясында шипажайдың даму перспективасы инвестициялық жоспарлармен, туристік ағынды арттыру

болжамдарымен және аумақтың әлеуметтік-экономикалық мақсаттарымен (жұмыспен қамту, жастарды тарту, экономикалық белсенділікті арттыру) негізделді.

Ұсыныстар мен қорытындылар аймақтың туристік әлеуетіне талдау жүргізу, статистикалық мәліметтерді жүйелеу, аймақтағы орын алған әлеуметтік-экономикалық жағдайларды саралау арқылы берілді. Зерттеу нәтижелері шипажайдың табиғи-ресурстық және инфрақұрылымдық әлеуетін бағалауға, емдік туризмді дамытуға әсер ететін негізгі факторларды анықтауға мүмкіндік береді. Берілген ұсыныстар шипажайдың туристік тартымдылығын арттыру, әлеуетті тұтынушыларды тарту, ресурстарды тиімді пайдалану және басқарушылық шешімдерді жетілдіру ретіндегі мәселелерді шешу үшін қолданысқа ие болуы мүмкін.

*Бұл ғылыми мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын BR24992981 «Алакөл табиғи, тарихи-мәдени ландшафтық әлеуетін кешенді талдау және рекреациялық туризмді дамытудың тиімді тетіктерін әзірлеу» бағдарламасы аясында әзірленді.*

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Колпаков А.С. Современное состояние и перспективы развития санаторно-курортной отрасли // Кто есть кто в медицине. – 2017. – №2(85). – С. 22–24.
2. Finn Partners. The Future of Wellness Tourism, 2025: Trends defining wellness tourism in 2025 and beyond. – URL: <https://clck.ru/3T5vPi>
3. Nazarbayev N. The health of Kazakhstan is the most critical priority // Finance of Kazakhstan. – 2003. – P. 1–157.
4. Герасимов Б.Г. Поездка на Барлыкские минеральные источники // Записки Семипалатинского подотдела ЗСОИРГО. Семипалатинск. – 1905. – №2. – С. 1–50.
5. Шлегель Б., Аргентов К. Минеральные источники Джетысу (Семиречья): 1 карта, 4 фотографии / Академии наук СССР. – 1927. – 106 с.
6. Жакупов А.А. Қазақстандағы балеологиялық ресурстардың таралу көздері // Гидрометеорология и экология. – 2018. – №4. – С. 132–144.
7. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі. Медициналық оңалтуды көрсету қағидалары. – URL: [https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z01000211\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z01000211_)
8. Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан. – URL: <https://stat.gov.kz/>
9. Жексембаев Е.Ш. Минеральные воды Алакольской впадины. Условия формирования и перспективы освоения. Алматы. – 2018. – 120 с.
10. Инвентаризация санаторно-курортных объектов. – URL: <https://tourisonline.kz/projects/82>
11. National geographic qazaqstan. Барлық-арасан, аяқ-қалқан һәм алғашқы дәріханалар. – 2023. – URL: <https://surl.ln/lkxuyd>
12. Ешенкулова Г.И., Гиззатжанова А.Г., Кусаинова А.К. Шекаралық аймақтағы туристік кластердің даму бағыты: Аустралиялық жол. // Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ Хабаршысы. – 2018. – №1. – С. 129–138.
13. Мусина К.П., Омарова К.А., Тукибаева К.Б. Анализ тенденций развития лечебно-оздоровительного туризма в Республике Казахстан // Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ Хабаршысы. – 2024. – №4. – С. 254–274.
14. Рустемова С.М., Омиркожаева А.Н., Терджан Т. Проблемы развития экологического туризма на территориях национальных природных парков (на примере Тарбагатайского национального природного парка // Вестник ЕНУ им. Л.Н. Гумилева., Экономическая серия. – 2025. – №2. – С. 314–328. – DOI: 10.32523/2789-4320-2025-2-314-328
15. Agybetova R., Zhakupov A., Berdenov Zh., Abishov N., Ylemessov A., Gizzatjanova A. Assessment of recreational suitability of lake Alakol in the Republic of Kazakhstan on hydrological indicators. // Geojournal of Tourism and Geosites. – 2023. – №46(1). – P. 118–123. – DOI: 10.30892/gtg.46113-1007

## REFERENCES

1. Kolpakov A. Sovremennoe sostoyanie i perspektivy razvitiya sanatorno-kurortnoy otrasli // Kto est' kto v meditsine. – 2017. – №2(85). – S. 22–24. [in Russian]
2. Finn Partners. The Future of Wellness Tourism, 2025: Trends defining wellness tourism in 2025 and beyond. – URL: <https://clck.ru/3T5vPi>
3. Nazarbayev N. The health of Kazakhstan is the most critical priority // Finance of Kazakhstan. – 2003. – P. 1–157.
4. Gerasimov B. Poezdka na Barlykskie mineral'nye istochniki // Zapiski Semipalatinskogo podotdela ZSOIRGO. – Semipalatinsk. – 1905. – №2. – S. 1–50. [in Russian]
5. Shlegel' B., Argentov K. Mineral'nye istochniki Zhetysu (Semirech'ya): 1 karta, 4 fotografii. – Izd. Akademii nauk SSSR. – 1927. – 106 s. [in Russian]
6. Zhakupov A. Qazaqstandaғы balneologiyalyq resurstardyñ taralu közderi [Sources of distribution of balneological resources in Kazakhstan] // Gidrometeorologiya i ekologiya. – 2018. – №4. – S. 132–144. [in Kazakh]
7. Qazaqstan Respublikasy Densaulyq saqtau ministrlığı. Medisialyq oñaltudy körsetu qaғıdalary [Ministry of Health of the Republic of Kazakhstan. Rules for the provision of medical rehabilitation]. – URL: [https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z01000211\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z01000211_) [in Kazakh]
8. Byuro natsional'noy statistiki Agentstva po strategicheskomu planirovaniyu i reformam Respubliki Kazakhstan [Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan]. – URL: <https://stat.gov.kz/> [in Russian]
9. Zheksembaev E. Mineral'nye vody Alakol'skoy vpadiny. Usloviya formirovaniya i perspektivy osvoeniya [Mineral waters of the Alakol Depression. Formation conditions and development prospects]. – Almaty. – 2018. – 120 s. [in Russian]
10. Inventarizatsia sanatorno-kurortnyh obektov [Inventory of resort facilities]. – URL: <https://tourisonline.kz/projects/82> [in Russian]
11. National Geographic Qazaqstan. Barlyq-arasan, ayaq-qalqan hám alғашqy dárıkhanalar [National geographic qazaqstan. All-arasan, abaat-kalkan and the first pharmacies]. – 2023. – URL: <https://surl.lu/lkxuyd> [in Kazakh]
12. Eshenkulova G., Gizzatzhanova A., Kusainova A. Shekaralyq aymaktaғы turistik klasterdiñ damu baғыty: Avstraliyalıq jol [The direction of development of the tourism cluster in the border region: The Australian way] // L. Gumilev atyndaғы EEU Khabarshysy. – 2018. – №1. – B. 129–138. [in Kazakh]
13. Musina K., Omarova K., Tukibaeva K. Analiz tendentsiy razvitiya lechebno-ozdorovitel'nogo turizma v Respublike Kazakhstan [Analysis of development trends in health and wellness tourism in the Republic of Kazakhstan] // L. Gumilev atyndaғы EEU Khabarshysy. – 2024. – №4. – B. 254–274. [in Russian]
14. Rustemova S., Omirkozhaeva A., Terdzhan T. Problemy razvitiya ekologicheskogo turizma na territoriyah nacional'nyh prirodnyh parkov (na primere Tarbagatajskogo nacional'nogo prirodnogo parka [Problems of development of ecological tourism in the territories of national natural parks (on the example of Tarbagatai National Natural Park)] // Vestnik ENU im. L. Gumileva., Ekonomicheskaya seriya. – 2025. – №2. – S. 314–328. – DOI: 10.32523/2789-4320-2025-2-314-328 [in Russian]
15. Agybetova R., Zhakupov A., Berdenov Zh., Abishov N., Ylemessov A., Gizzatzhanova A. Assessment of recreational suitability of lake Alakol in the Republic of Kazakhstan on hydrological indicators. // Geojournal of Tourism and Geosites. – 2023. – №46(1). – P. 118–123. – DOI: 10.30892/gtg.46113-1007

Ағыбетова Р.Е., Кішкенбаева Ж.К., Гизатжанова А.Г., Какенова З.А.

### ОЦЕНКА ПОТЕНЦИАЛА РАЗВИТИЯ ЛЕЧЕБНОГО ТУРИЗМА В САНАТОРИИ "БАРЛЫК-АРАСАН»

#### Аннотация

Природные лечебные, рекреационные ресурсы издавна используются для охраны и восстановления здоровья человека. Первые санатории появились в XIV веке рядом с минеральными источниками, заложив

основу современной инфраструктуры медицинских учреждений. В Республике Казахстан имеются благоприятные природно-климатические и ресурсные условия для развития инфраструктуры медицинских учреждений и санаториев. Однако лечебный туризм не так популярен среди казахстанцев и на международном рынке. Нельзя сказать, что работа по его продвижению и развитию осуществляется системно.

Цель научной статьи – оценка лечебно-ресурсного потенциала санатория "Барлык-Арасан", обслуживающего окрестности озера Алаколь. В статье рассмотрены особенности предоставляемых санаторием услуг, потенциал лечебно-оздоровительных ресурсов, уровень развития туризма в данном регионе. При разработке статьи использовались методы анализа, дескриптивного метода, обзора научной литературы. Проанализирован состав минеральной воды, используемой в лечебных целях в санатории. Состав водных источников сопоставим с популярными курортами в Болгарии, Чехии, Италии, России, Грузии и других странах. Было показано, что, несмотря на огромный потенциал природных ресурсов, используемых в санатории, препятствуют старая инфраструктура советского периода, плохие санитарные условия, низкое качество обслуживания, сезонные ограничения, недостаточные цифровые технологии. Установлено, что государственная поддержка и меры по привлечению инвестиций являются поддержкой обновления инфраструктуры санатория, повышения качества обслуживания и внедрения цифровых технологий.

Исследование уточняет, что санаторий "Барлык-Арасан" может стать приоритетным центром развития лечебного туризма в Казахстане, предоставляющим комплекс медицинских и рекреационных услуг, является социально-экономически значимым объектом. Деятельность санатория способствует улучшению здоровья населения, повышению производительности труда, развитию внутреннего туризма. Оценка потенциала лечебных ресурсов и эффективности услуг послужила основой для выработки предложений по совершенствованию деятельности санатория и повышению его популярности.

**Agybetoba R., Kishkenbayeva Z., Gizzatzhanova A., Kakenova Z.**

#### **ASSESSMENT OF THE DEVELOPMENT POTENTIAL OF MEDICAL TOURISM IN THE SANATORIUM "BARLYK-ARASAN"**

##### **Annotation**

Natural healing and recreational resources have long been used to protect and restore human health. The first sanatoriums appeared in the 14th century near mineral springs, laying the foundation for the modern infrastructure of medical institutions. The Republic of Kazakhstan has favorable climatic and resource conditions for the development of the infrastructure of medical institutions and sanatoriums. However, medical tourism is not so popular among Kazakhstanis and on the international market. It cannot be said that the work on its promotion and development is carried out systematically.

The purpose of the scientific article is to assess the therapeutic and resource potential of the «Barlyk – Arasan» sanatorium operating in the recreation area of Lake Alakol, to study the impact on the development of tourism in the region. The features of the services provided by the sanatorium, the potential of therapeutic and health resources, the place in the development of tourism in this region were considered. In the process of developing the article, methods of analysis, descriptive method, review of scientific literature were used. It was analyzed that the mineral water used for medicinal purposes in the sanatorium has a low mineralization, contains sodium and sulfate ions and more than 80 chemical elements. The composition of water sources is comparable to popular health resorts in the world in Bulgaria, the Czech Republic, Italy, Russia, Georgia and other countries. It was found that they provide for the implementation of procedures for the treatment and rehabilitation of various diseases. It was shown that, despite the enormous potential of Natural Resources, the development of Resorts is hampered by the old infrastructure of the Soviet period, poor sanitary conditions, poor quality of Service, seasonal restrictions, inefficient management and use of digital technologies. The possibility of state support measures and investors' investments will be aimed at updating the infrastructure of health resorts, improving the quality of Service and introducing digital technologies has been identified.

The study proves that the «Barlyk-Arasan» sanatorium can become a priority center for the development of medical tourism in Kazakhstan, providing a range of medical and recreational services, and is a socially and economically significant facility. The sanatorium's activities contribute to improving public health, increasing labor productivity, and developing domestic tourism. Assessment of the potential of healthcare resources and the effectiveness of services, development of proposals for improving and popularizing sanatorium services.